

- 3 Hernández-Torrano D., Ibrayeva L., Sergazina M., Burambayeva A., Kulsary A., Vella-Brodrick D., Eadie P. What makes young children happy? Exploring well-being through children's perspectives in early childhood education // *Early Childhood Education Journal*. – 2025. – Vol. 53. – No. 1. – P. 1–15.
- 4 Дуниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ). Ресми сайт [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://www.who.int/> (қаралған күні: 22.03.2026).
- 5 Шереметьева Е. В. Предупреждение отклонений речевого развития у детей раннего возраста // М.: Национальный книжный центр. – 2012. – Т. 168. – С. 4.1.
- 6 Браткова М. В., Закрепина А. В., Пронина Л. В. Коррекционное обучение и развитие детей раннего возраста в играх со взрослым. – 2013.
- 7 Филатова Ю. О. Онтогенез и дизонтогенез плавности речи у детей // *Дефектология*. – 2018. – №. 5. – С. 33-42.
- 8 Эльконин Д. Б. Игра и психическое развитие // *Альманах Института коррекционной педагогики*. – 2017. – №. 28. – С. 32-66.
- 9 Выготский Л.С. Мышление и речь. Психология искусства. Вопросы детской психологии. – М.: Эксмо, 2025. – 848 с.
- 10 Леонтьев А.Н. Проблемы психологии: учеб. пособие для вузов / под ред. Д.А. Леонтьева. – М.: Смысл, 2024. – 327 с.
- 11 Мамедова Л. В. Особенности психического развития детей раннего возраста // *Современное педагогическое образование*. – 2018. – №. 6. – С. 255-259.
- 12 Кухтова Н. В., Сотникова Е. И., Белановская М. Л. Измерение стилей семейного воспитания детей и механизмов социального научения // *Психология человека в образовании*. – 2023. – Т. 5. – №. 2. – С. 283-304.
- 13 Брюханова И. А. Фридрих Фребель-фундатор дошкольного образования // *Путь в педагогическую науку: проблемы и решения*. – 2019. – №. 5. – С. 10-16.

УДК 376.42

МРНТИ 14.29.21

DOI <https://doi.org/10.51889/2960-1673.2026.85.2.011>

¹Сардарова Ж.И., ²Дауренбекова М.Н.

¹п.ғ.д., қауымд.проф. Арнайы педагогика кафедрасы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

² «Арнайы педагогика: Инклюзивті білім беру» мамандығының 1-курс магистранты Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

КӘСІБИ ЕҢБЕККЕ БАУЛУ ПӘНІНДЕ ЗИЯТЫ ЖЕҢІЛ ЗАҚЫМДАЛҒАН 8-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕК DAҒДЫЛАРЫН ДАМУЫ

Аңдатпа. Мақалада зияты жеңіл зақымдалған 8-сынып оқушыларының «Кәсіби еңбекке баулу. Тігін ісі» пәнінде еңбек дағдыларын дамыту мәселесі қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың әлеуметтік бейімделуін, дербестігін және болашақ кәсіби қызметке даярлығын қамтамасыз ету қажеттілігімен анықталады. Зерттеудің мақсаты – кәсіби еңбекке баулу сабақтарында Step-by-step технологиясы мен QR-код арқылы ұсынылатын бейне-нұсқаулықтарды қолданудың еңбек дағдыларын қалыптастырудағы тиімділігін теориялық тұрғыдан негіздеу және эксперименттік жолмен анықтау. Зерттеу барысында педагогикалық бақылау, диагностикалық бағалау, сауалнама және эксперименттік әдістер қолданылды. Еңбек дағдыларының қалыптасу деңгейі С.Л. Мирский әдістемесі, ал кәсіби қызығушылық деңгейі Ю.П. Засядько тесті арқылы бағаланды. Эксперимент нәтижелері оқушылардың басым бөлігінде еңбек әрекетін жоспарлау, әрекеттердің реттілігін сақтау және өздігінен жұмыс істеу дағдыларының жеткіліксіз қалыптасқанын көрсетті. Сонымен қатар кезеңдік оқыту технологиясын, QR-код арқылы ұсынылатын бейне-нұсқаулықтарды және көрнекі алгоритмдерді пайдалану оқушылардың оқу мотивациясын, практикалық әрекеттерді орындау сапасын және дербестігін арттыруға ықпал ететіні анықталды.

Зерттеу нәтижелері арнайы мектеп жағдайында кәсіби-еңбек дағдыларын қалыптастырудың тиімді педагогикалық шарттарын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: зияты жеңіл зақымдалған оқушылар, кәсіби еңбекке баулу, еңбек дағдылары, Step-by-step технологиясы, QR-код, бейне-нұсқаулық, арнайы педагогика, тігін ісі.

Сардарова Ж.И., ²Дауренбекова М.Н.

¹*д.п.н., ассоц.профессор кафедры Специальная педагогика, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан*

²*магистрант 1 курса по специальности 7М01902 – Специальная педагогика: Инклюзивное образование*

РАЗВИТИЕ ТРУДОВЫХ НАВЫКОВ У УЧАЩИХСЯ 8 КЛАССА С ЛЁГКОЙ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ НЕДОСТАТОЧНОСТЬЮ НА УРОКАХ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ТРУДОВОГО ОБУЧЕНИЯ

Аннотация. В статье рассматривается проблема развития трудовых навыков у учащихся 8-х классов с лёгкими интеллектуальными нарушениями на уроках предмета «Профессионально-трудовое обучение. Швейное дело». Актуальность исследования обусловлена необходимостью формирования у обучающихся с особыми образовательными потребностями самостоятельности, социальной адаптации и готовности к будущей профессиональной деятельности. Цель исследования – теоретически обосновать и экспериментально определить эффективность применения технологии Step-by-step и видеоинструкций с использованием QR-кодов при формировании трудовых навыков. В ходе исследования использовались методы педагогического наблюдения, диагностического оценивания, анкетирования и педагогического эксперимента. Уровень сформированности трудовых навыков определялся по методике С.Л. Мирского, а профессиональная мотивация – с помощью теста Ю.П. Засядько. Результаты исследования показали недостаточную сформированность у большинства учащихся навыков планирования трудовой деятельности, соблюдения последовательности операций и самостоятельного выполнения практических заданий. Вместе с тем установлено, что использование технологии пошагового обучения, видеоинструкций по QR-кодам и наглядных алгоритмов способствует повышению учебной мотивации, качества выполнения практических работ и уровня самостоятельности обучающихся. Полученные результаты подтверждают эффективность современных педагогических технологий в развитии профессионально-трудовых навыков обучающихся с лёгкими интеллектуальными нарушениями.

Ключевые слова: учащиеся с лёгкими интеллектуальными нарушениями, профессионально-трудовое обучение, трудовые навыки, технология Step-by-step, QR-код, видеоинструкция, специальная педагогика, швейное дело.

¹*Zh.I. Sardarova, ²M.N. Daurenbekova*

¹*Scientific advisor, Doctor of Pedagogical Sciences, Associate Professor*

²*Ind-year Master's Student, Specialty 7M01906 - Special Pedagogy: Inclusive Education Abai Kazakh National Pedagogical University*

DEVELOPMENT OF WORK SKILLS IN 8TH-GRADE STUDENTS WITH MILD INTELLECTUAL DISABILITIES IN VOCATIONAL LABOR TRAINING CLASSES

Abstract. The article examines the development of vocational labor skills among eighth-grade students with mild intellectual disabilities in the subject *Vocational Labor Training (Sewing)*. The relevance of the study is determined by the need to promote independence, social adaptation, and preparedness for future employment among students with special educational needs. The study aims to provide a theoretical justification and experimentally verify the effectiveness of the Step-by-step instructional technology combined with QR code-based video tutorials in developing vocational labor skills. The research employed pedagogical observation, diagnostic assessment, questionnaires, and an educational experiment. The level of labor skill development was assessed using S.L. Mirsky's methodology, while vocational motivation was evaluated using Yu.P. Zasyadko's test. The findings revealed that most students experienced difficulties in planning work activities, following the sequence of operations, and completing practical tasks independently. At the same time, the

use of step-by-step instruction, QR code-based video tutorials, and visual algorithms significantly improved students' learning motivation, practical performance, and independence. The results confirm the effectiveness of modern educational technologies in developing vocational labor skills among students with mild intellectual disabilities in special education settings.

Keywords: students with mild intellectual disabilities, vocational labor training, labor skills, Step-by-step technology, QR code, video tutorial, special education, sewing.

Кіріспе

Қазіргі таңда ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың әлеуметтік бейімделуі мен болашақ кәсіби өмірге дайындығын қамтамасыз ету арнайы педагогиканың өзекті бағыттарының бірі болып табылады. Әсіресе зияты жеңіл зақымдалған оқушылардың еңбек дағдыларын қалыптастыру олардың дербестігін арттыруға, қоғамға табысты кірігуіне және болашақта қолжетімді кәсіп түрлерін меңгеруіне мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда арнайы мектеп жағдайында оқытылатын «Кәсіби еңбекке баулу» пәнінің мазмұны ерекше маңызға ие [1].

Қазақстан Республикасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен әлеуметтік қолдау мемлекеттік білім беру саясатының басым бағыттарының бірі ретінде қарастырылып келеді. Инклюзивті білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық құжаттарында ерекше білім алушылардың өмірлік құзыреттерін, еңбекке даярлығын және кәсіби бағдарын қалыптастыруға ерекше назар аударылады. Бұл талаптар арнайы мектептерде кәсіби еңбекке баулу пәнінің мазмұнын жаңартуды және оқытудың тиімді педагогикалық технологияларын енгізуді қажет етеді[2-3].

Зияты жеңіл зақымдалған оқушылардың танымдық процестерінің, қабылдау, есте сақтау, ойлау және зейін ерекшеліктерінің болуы еңбек әрекеттерін меңгеруде арнайы педагогикалық қолдауды талап етеді. Сондықтан еңбекке баулу сабақтарында әрекеттерді кезең-кезеңімен ұйымдастыру, көрнекілікке сүйену, практикалық жаттығуларды жүйелі қайталау және цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану еңбек дағдыларын қалыптастырудың тиімді шарттарының бірі болып саналады.

Отандық және шетелдік ғалымдардың (Г.М. Дульнев, С.Л. Мирский, Б.И. Пинский, А.К. Рсалдинова, Б.С. Халықова және т.б.) еңбектерінде зияты жеңіл зақымдалған оқушыларды еңбекке даярлаудың ғылыми-әдістемелік негіздері қарастырылып, еңбек әрекетінің олардың әлеуметтік бейімделуі мен дербес өмір сүруіне ықпалы дәлелденген. Зерттеулерде еңбек дағдыларын қалыптастырудың практикалық бағыттылығы, әрекеттерді жүйелі меңгерту және оқушылардың жеке мүмкіндіктерін ескеру қажеттілігі атап көрсетілген. Сонымен қатар қазіргі білім беру тәжірибесінде оқытудың цифрлық технологияларын пайдалану ерекше білім алушылардың оқу мотивациясын арттыруға, еңбек операцияларын меңгеруді жеңілдетуге және өздігінен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді[4-7].

Соңғы жылдары арнайы педагогикада еңбек әрекеттерін кезең-кезеңімен меңгертуге негізделген Step-by-step технологиясы кеңінен қолданыла бастады. Бұл технология оқу тапсырмаларын қарапайым және бірізді әрекеттерге бөліп, әр кезеңді көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді. QR-кодтар арқылы ұсынылатын қысқа бейне-нұсқаулықтар оқушылардың тапсырманы бірнеше рет қарап, әрекетті өздігінен қайталауына жағдай жасап, олардың танымдық ерекшеліктерін ескере отырып еңбек дағдыларын тиімді қалыптастыруға ықпал етеді.

Осыған байланысты зияты жеңіл зақымдалған 8-сынып оқушыларының кәсіби еңбекке баулу пәнінде еңбек дағдыларын заманауи педагогикалық технологиялар негізінде дамыту мәселесі ғылыми және практикалық тұрғыдан ерекше өзектілікке ие.

Зерттеудің мақсаты – кәсіби еңбекке баулу пәнінде Step-by-step технологиясы мен QR-код арқылы ұсынылатын бейне-нұсқаулықтарды қолдану негізінде зияты жеңіл зақымдалған

8-сынып оқушыларының еңбек дағдыларын қалыптастырудың тиімділігін теориялық тұрғыдан негіздеу және эксперименттік жолмен анықтау.

Кәсіби-еңбек дағдыларын қалыптастыру арнайы педагогикадағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың әлеуметтік бейімделуі мен дербестігін қамтамасыз ететін маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Зияты жеңіл зақымдалған оқушылар үшін еңбекке баулу олардың өмірлік құзыреттіліктерін, әлеуметтік ортаға кірігуін және болашақ еңбек әрекетіне даярлығын қалыптастырады.

Л.С. Выготскийдің «жақын даму аймағы» теориясына сәйкес, оқушы еңбек әрекеттерін алдымен ересектің көмегімен орындап, кейін оларды өз бетінше меңгереді. Сондықтан мұғалімнің бағыттаушы рөлі, үлгі көрсетуі және бірлескен әрекетті ұйымдастыруы еңбек дағдыларын қалыптастырудың негізгі шарты болып табылады [8]. А.Н. Леонтьев іс-әрекетті мотив–мақсат–әрекет–операция жүйесі ретінде қарастырып, күрделі еңбек әрекеттерін қарапайым операцияларға бөліп оқытудың тиімділігін негіздеген [9]. Ал С.Л. Рубинштейннің сана мен іс-әрекет бірлігі қағидасына сәйкес, еңбек әрекеті оқушылардың практикалық дағдыларымен қатар зейін, есте сақтау және ойлау сияқты танымдық процестерін де дамытады [10].

Зияты жеңіл зақымдалған оқушылардың психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып, еңбекке оқытуда оқу материалын көрнекі және кезең-кезеңімен ұсыну, әрекеттерді жүйелі қайталау және тұрақты мотивациялық қолдау көрсету еңбек дағдыларын тиімді қалыптастырудың негізгі педагогикалық шарттары болып табылады.

Зияты жеңіл зақымдалған оқушылардың көпшілігі еңбек әрекетін алдын ала жоспарламай, тапсырманың мазмұнын толық түсінбей орындайды. Соның салдарынан олар қате тәсілдерді байқаса да өзгертпей жалғастырып, тапсырманы талапқа сай орындай алмайды. Бұл ерекшелік олардың танымдық және реттеуші әрекеттерінің жеткіліксіз қалыптасуымен түсіндіріледі (Б.И. Пинский, Г.М. Дульнев және т.б.). Сонымен қатар қарапайым және бірнеше рет орындалған еңбек тапсырмаларында кейбір оқушылар өздігінен жұмыс істей алады, нәтижесін бағалап, мұғалімнің көмегінсіз әрекет етуге қабілетті.

Қазіргі арнайы білім беру тәжірибесінде еңбек дағдыларын қалыптастыруда қадамдық оқыту (Step-by-step) технологиясы тиімді қолданылуда. Бұл әдіс еңбек әрекетін нақты кезеңдерге бөліп, әрбір қадамды жүйелі меңгертуге негізделген [11]. Әдісті QR-код арқылы ұсынылатын қысқа бейне-нұсқаулықтармен ұштастыру оқушыларға әрекетті бірнеше рет бақылап, өздігінен қайталауға мүмкіндік береді. Мұндай цифрлық қолдау әрекеттердің реттілігін сақтауға, қателерді азайтуға және оқушылардың дербестігін арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар технологиялық карталар мен анықтамалық сигналдарды пайдалану еңбек әрекетін жоспарлау және орындау дағдыларын тиімді қалыптастырады.

Осылайша, зияты жеңіл зақымдалған оқушылардың кәсіби-еңбек дағдыларын дамытуда еңбек әрекетін кезең-кезеңімен ұйымдастыру, көрнекілікке, қайталауға және цифрлық қолдау құралдарына негізделген оқыту тәсілдерін қолдану олардың әлеуметтік бейімделуі мен болашақ еңбек қызметіне даярлығын арттырудың маңызды шарты болып табылады.

Зерттеу әдістері мен нәтижелері

Зерттеу жұмысы зияты жеңіл зақымдалған 8-сынып оқушыларының «Кәсіби еңбекке баулу. Тігін ісі» пәні бойынша еңбек дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтауға бағытталды. Зерттеу базасы ретінде Есік қаласындағы №2 облыстық арнайы мектеп-интернаты алынды. Экспериментке 22 оқушы қатысты.

Зерттеу барысында педагогикалық бақылау, диагностикалық бағалау, сауалнама және эксперименттік әдістер қолданылды. Оқушылардың еңбек әрекетін орындау ерекшеліктері, нұсқауды түсінуі, практикалық тапсырмаларды орындау сапасы және еңбекке деген қызығушылығы кешенді түрде бағаланды.

Еңбек дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау үшін С.Л. Мирскийдің әдістемесі пайдаланылды. Әдістеме арқылы оқушылардың еңбек операцияларын дұрыс орындауы, әрекеттердің реттілігін сақтауы, тапсырманы өздігінен орындау деңгейі және жіберілген қателер саны бағаланды [12].

Оқушылардың кәсіби еңбекке деген қызығушылығы мен оқу мотивациясын анықтау мақсатында Ю.П. Засядьконың тесті қолданылды. Тест нәтижелері еңбек пәніне қызығушылық деңгейін, практикалық әрекетке ынтасын және сабақтағы белсенділігін бағалауға мүмкіндік берді [13].

Зерттеу нәтижелері зияты жеңіл зақымдалған оқушылардың басым бөлігінде еңбек әрекетін жоспарлау, тапсырманы кезең-кезеңімен орындау және өздігінен жұмыс істеу дағдыларының жеткіліксіз қалыптасқанын көрсетті. Көптеген оқушылар күрделі еңбек операцияларын орындау барысында мұғалімнің қосымша көмегін қажет етті, әрекеттердің реттілігін сақтауда және жіберілген қателерді өздігінен түзетуде қиындықтар байқалды.

Сонымен қатар оқушылардың еңбек пәніне қызығушылығы әртүрлі деңгейде қалыптасқаны анықталды. Практикалық әрекеттерді көрнекілік пен кезеңдік нұсқаулықтар арқылы орындаған кезде олардың белсенділігі мен тапсырманы орындау сапасының жоғарылағаны байқалды. Бұл нәтижелер кәсіби еңбекке баулу сабақтарында Step-by-step технологиясын, QR-код арқылы ұсынылатын бейне-нұсқаулықтарды және көрнекі алгоритмдерді қолданудың тиімділігін дәлелдейді әрі еңбек дағдыларын дамытуға бағытталған қалыптастырушы жұмысты ұйымдастырудың қажеттілігін көрсетеді.

Анықтаушы эксперимент барысында алынған нәтижелер «Кәсіби еңбекке баулу. Тігін ісі» пәні бойынша зияты жеңіл зақымдалған 8-сынып оқушыларының еңбек дағдылары мен кәсіби қызығушылық деңгейін кешенді түрде бағалауға мүмкіндік берді. Диагностикалық зерттеу С.Л. Мирский әдістемесі және Ю.П. Засядько тесті негізінде жүргізілді.

Эксперименттік зерттеудің анықтаушы кезеңінің нәтижелері (Л. С. Мирский әдісін қолдана отырып)

1-кесте. Кәсіби-еңбек дағдыларын анықтау нәтижелері (С.Л. Мирский әдістемесі)

Деңгей	Саны	%
Төмен деңгей	12	54,5%
Орташа деңгей	8	36,4%
Жоғары деңгей	2	9,1%


Жүргізілген зерттеу нәтижелері зияты жеңіл ауытқушылығы бар оқушылардың тігін ісі сабағындағы кәсіби-еңбек дағдылары әртүрлі деңгейде қалыптасқанын көрсетті.

Кесте нәтижелеріне сәйкес, оқушылардың басым бөлігі төмен деңгейде – 12 оқушы (54,5%) екені анықталды. Бұл топтағы оқушыларда тігін ісіне қатысты негізгі еңбек әрекеттерін орындау барысында қателіктер жиі кездеседі, құралдарды дұрыс қолдану дағдылары жеткіліксіз, сондай-ақ тапсырманы өз бетінше орындау қабілеті әлсіз дамыған.

Орташа деңгейде – 8 оқушы (36,4%) тіркелді. Бұл оқушылар тігін жұмысының қарапайым түрлерін орындай алады, бірақ күрделі операцияларды орындауда қосымша нұсқаулық пен мұғалімнің көмегіне мұқтаж. Олардың практикалық дағдылары біртіндеп қалыптасып келе жатқанын байқауға болады.

Ал жоғары деңгей – 2 оқушы (9,1%) ғана анықталды. Бұл оқушылар тігін ісі бойынша негізгі операцияларды өз бетінше, дұрыс және жүйелі орындай алады, еңбек құралдарын қауіпсіз әрі тиімді қолданады, сондай-ақ берілген тапсырманы жоспарлы түрде орындай біледі.

Жалпы алғанда, нәтижелер тігін ісі сабақтарында кәсіби-еңбек дағдыларын дамытуға бағытталған түзете-дамыту жұмыстарының қажеттілігін көрсетеді.



1 сурет. Кәсіби -еңбек дағдыларының деңгейлерінің көрсеткіштері (С. Л. Мирский әдістемесі)

Жүргізілген зерттеу барысында зияты жеңіл ауытқушылығы бар оқушылардың тігін ісі сабағындағы кәсіби-еңбек дағдылары бірнеше негізгі көрсеткіштер арқылы талданды: нұсқауды түсіну және орындау деңгейі, қимыл әрекетінің бірізділігі, қол еңбегінің дәлдігі, тапсырманы өз бетінше орындау дәрежесі, қателер саны және еңбек тәсілдерін меңгеру деңгейі.

Нұсқауды түсіну және орындау деңгейі бойынша көптеген оқушыларда орташа және төмен көрсеткіштер байқалды. Бір бөлігі қарапайым нұсқауларды түсінгенімен, күрделі немесе көпсатылы тапсырмаларды орындауда қиналады.

Қимыл әрекетінің бірізділігі көбіне тұрақсыз. Оқушылар тігін операцияларын орындау барысында әрекеттер ретін жиі шатастырады, бұл жұмыс сапасына тікелей әсер етеді.

Қол еңбегін орындау дәлдігі төмен және орташа деңгейде басым. Тігін тігу, сызық бойымен жүргізу, құралдарды қолдану кезінде ұсақ моторика жеткіліксіз дамығаны байқалады.

Тапсырманы өз бетінше орындау дәрежесі бойынша оқушылардың басым бөлігі мұғалімнің көмегіне мұқтаж. Тек аз ғана бөлігі тапсырманы толықтай дербес орындай алады.

Қателер саны орташа және жоғары деңгейде жиі кездеседі. Қателер көбіне өлшеу дәлсіздігі, тігіс бағытын бұзу және құралды дұрыс қолданбаумен байланысты.

Еңбек тәсілдерін меңгеру деңгейі жеткілікті қалыптаспаған. Оқушылардың көпшілігі тігін ісінің негізгі тәсілдерін тек қайталау арқылы орындайды, ал дағды автоматтандырылмаған.


Алынған нәтижелер тігін ісі сабақтарында оқушылардың кәсіби-еңбек дағдылары толық қалыптаспағанын көрсетеді. Әсіресе нұсқауды түсіну, әрекеттердің бірізділігі және өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын дамытуға бағытталған QR қолдауы бар Step-by-step әдісін енгізу қажеттілігі анықталды.

2-кесте. Кәсіптік еңбек сабақтарына қызығушылық деңгейі (Ю.П. Засядько әдістемесі)

Деңгей	Саны	%
Төмен деңгей	12	54,5%
Орташа деңгей	10	45,5%

Жоғары деңгей	0	0%
---------------	---	----

Ю.П. Засядько әдістемесі бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелері оқушылардың кәсіби еңбек сабақтарына деген қызығушылық деңгейінің жеткіліксіз екенін көрсетті.



2 сурет. Білім алушылардың еңбек сабақтарына деген қызығушылығының қалыптасу деңгейінің көрсеткіштері (Ю.П. Засядько әдістемесі)

Төмен деңгей (54,5%) оқушылары еңбек пәніне қызығушылық танытпайды, сабақ барысында енжарлық байқалады, тапсырмаларды орындауда сыртқы қолдауға тәуелді. Танымдық белсенділік әлсіз.

Орташа деңгей (45,5%) оқушылары оқу процесіне ішінара қатысады, бірақ олардың қызығушылығы тұрақсыз. Кей жағдайларда белсенділік байқалғанымен, мотивация толық қалыптаспаған.

Жоғары деңгей (0%) оқушылары анықталмады, бұл кәсіби еңбекке тұрақты ішкі мотивацияның жоқ екенін көрсетеді.

Жалпы нәтижелер оқушылардың еңбек сабақтарына деген қызығушылығы төмен және орташа деңгейде шоғырланғанын дәлелдейді, бұл оқу мотивациясын арттыруға бағытталған арнайы педагогикалық жұмысты қажет етеді.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері зияты жеңіл ауытқушылығы бар оқушылардың кәсіптік-еңбек сабақтарына (тігін ісі) қызығушылық деңгейі әртүрлі көрсеткіштер арқылы анықталды: еңбек пәніне қызығушылық деңгейі, оқу мотивациясы, тапсырмаға қатысу белсенділігі, эмоционалдық қатынас және таңдау жиілігі.

Еңбек пәніне қызығушылық деңгейі

Зерттеу нәтижесі бойынша оқушылардың 54,5% (12 оқушы) төмен деңгей көрсетті. Бұл топтағы оқушыларда тігін ісі сабағына қызығушылық әлсіз, олар тапсырмаларды тек сыртқы бақылау немесе талап бойынша орындайды. Ал 45,5% (10 оқушы) орташа деңгейде, яғни оларда пәнге белгілі бір қызығушылық бар, бірақ тұрақты емес. Жоғары деңгейде бірде-бір оқушы анықталмады.

Оқу мотивациясы

Төмен деңгейдегі оқушыларда оқу мотивациясы сыртқы факторларға (мұғалімнің талап етуі, баға, бақылау) тәуелді. Орташа деңгейдегі оқушыларда ішкі қызығушылықтың бастапқы белгілері байқалады, бірақ ол тұрақты емес және тез төмендеп кетеді. Жалпы алғанда, тұрақты жоғары оқу мотивациясы қалыптаспаған.

Тапсырмаға қатысу белсенділігі

Төмен деңгейдегі оқушылар сабақта пассивті, тек шақырылған жағдайда ғана қатысады. Орташа деңгейдегі оқушылар кейбір практикалық тапсырмаларға белсенді араласады, бірақ ұзақ уақыт бойы белсенділікті сақтай алмайды.

Эмоциялық қатынас

Эмоциялық тұрғыдан төмен деңгейдегі оқушыларда бейтарап немесе кейде теріс көзқарас байқалады (шаршау, қызығушылықтың төмендігі). Орташа деңгейдегі оқушыларда жағымды эмоциялар бар, бірақ олар тұрақсыз және тапсырманың қиындығына байланысты өзгеріп отырады.

Таңдау жиілігі

Тігін ісі сабағын өз еркімен таңдау жиілігі төмен. Оқушылардың басым бөлігі бұл пәнді таңдауда белсенділік танытпайды. Орташа деңгейдегі оқушыларда кейде қызығушылықпен таңдау байқалады, бірақ ол тұрақты үрдіс емес.

Алынған нәтижелер бойынша кәсіптік-еңбек сабақтарына қызығушылық деңгейі төмен және орташа көрсеткіштерде шоғырланған. Жоғары деңгейдің болмауы оқушылардың еңбек пәніне тұрақты мотивациясының жеткіліксіз екенін көрсетеді. Сондықтан тігін ісі сабақтарында қызығушылықты арттыруға бағытталған мотивациялық және практикалық әдістерді енгізу қажеттілігі анықталды.

Осылайша, эксперименттік зерттеудің белгіленген кезеңін жүргізу нәтижесінде зиятында жеңіл ауытқушылығы бар 8-9 сынып оқушылардың көпшілігінде кәсіби еңбегі сабақтарына қызығушылықтың жеткіліксіз деңгейі және кәсіби еңбек дағдыларының қалыптасуының орташа деңгейі бар екендігі анықталды.

Алынған нәтижелерді талдау қолдану қажеттілігін сенімді түрде дәлелдейді. Зиятында жеңіл ауытқушылығы бар 8-9 сынып оқушылардың кәсіби-еңбек дағдыларын қалыптастыру бойынша кәсіптік оқытуда (тігін ісінде) оқу-әдістемелік және технологиялық карталармен жұмыс істеу кезінде анықтамалық сигналдарды пайдалану арқылы сабақтарды жоспарлау.

Зерттеу барысында зиятында жеңіл ауытқушылығы бар 8-сынып оқушыларының кәсіби-еңбек дағдылары мен еңбек сабақтарына қызығушылық деңгейі екі негізгі әдістеме арқылы анықталды: С.Л. Мирский әдістемесі және Ю.П. Засядько тесті.

3 Кесте – Кәсіби-еңбек дағдылары мен кәсіптік еңбек сабақтарына қызығушылық деңгейінің нәтижелері

Көрсеткіш	Деңгей	Саны	%
Кәсіби-еңбек дағдыларын анықтау (С.Л. Мирский әдістемесі)	Төмен деңгей	12	54,5%
	Орташа деңгей	8	36,4%
	Жоғары деңгей	2	9,1%
Кәсіптік еңбек сабақтарына қызығушылық (Ю.П. Засядько әдістемесі)	Төмен деңгей	12	54,5%
	Орташа деңгей	10	45,5%
	Жоғары деңгей	0	0%

1. С.Л. Мирский әдістемесі (кәсіби-еңбек дағдыларын анықтау)

Бұл әдістеменің негізгі мақсаты – «Кәсіби еңбекке баулу. Тігін ісі» пәні бойынша оқушылардың практикалық еңбек дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау болып табылады. Зерттеу барысында оқушыларға тігін ісіне қатысты қарапайым практикалық тапсырмалар ұсынылды (тігіс түрлерін орындау, матаны белгілеу, қарапайым бұйым құрастыру). Орындау барысы мұғалім тарапынан бақылауға алынып, әрбір әрекет сапалық тұрғыдан тіркелді.

Бағалау келесі параметрлер бойынша жүргізілді: қол еңбегін орындау дәлдігі, қимыл әрекетінің бірізділігі, нұсқауды түсіну деңгейі, тапсырманы өз бетінше орындау дәрежесі және қателер саны.

Алынған нәтижелер бойынша оқушылардың басым бөлігінде еңбек дағдылары жеткілікті деңгейде қалыптаспаған. Көптеген оқушылар тапсырманы орындау кезінде нұсқауды толық түсінуде қиындықтарға тап болады, қимыл әрекеттері тұрақсыз, бірізділік сақталмайды. Сонымен қатар өз бетінше жұмыс істеу деңгейі төмен, қателер саны жоғары болып отыр.

Оқушылардың тек аз бөлігі ғана қарапайым еңбек әрекеттерін салыстырмалы түрде дұрыс орындай алады, алайда күрделі операциялар кезінде қосымша қолдауды қажет етеді. Бұл нәтижелер олардың практикалық еңбекке бейімделу деңгейінің әлсіз екенін көрсетеді.

2. Ю.П. Засядько тесті (кәсіптік еңбек сабақтарына қызығушылықты анықтау)

Бұл әдістеме оқушылардың «Тігін ісі» пәніне және жалпы еңбекке деген қызығушылық деңгейін анықтауға бағытталған. Зерттеу барысында оқушыларға жабық типтегі сұрақтар ұсынылды (ұнайды/ұнамайды, жиі/сирек сияқты таңдау тапсырмалары). Жауаптар жеке түрде тіркеліп, талданды.


Бағалау параметрлері ретінде келесі көрсеткіштер алынды: еңбек пәніне қызығушылық деңгейі, оқу мотивациясы, тапсырмаға қатысу белсенділігі, эмоционалдық қатынас және таңдау жиілігі.

Нәтижелер оқушылардың басым бөлігінде еңбек сабақтарына деген қызығушылықтың төмен немесе тұрақсыз екенін көрсетті. Көптеген оқушыларда оқу мотивациясы әлсіз, сабаққа қатысуы көбіне сыртқы талаптарға байланысты жүзеге асады. Эмоционалдық қатынас тұрақсыз, тапсырмаларға белсенді араласу жеткіліксіз.

Оқушылардың аз ғана бөлігі оқу процесіне ішінара қызығушылық танытады, бірақ бұл қызығушылық тұрақты сипатқа ие емес. Жоғары деңгейдегі қызығушылық мүлдем байқалмайды, бұл кәсіби еңбекке ішкі мотивацияның қалыптаспағанын көрсетеді.

Екі әдістеме нәтижелерін салыстырмалы талдау зиятында жеңіл ауытқушылығы бар 8-сынып оқушыларының кәсіби-еңбек дағдылары мен еңбекке қызығушылығы өзара байланысты түрде төмен деңгейде екенін көрсетті. Практикалық дағдылардың жеткіліксіздігі оқу мотивациясының әлсіздігімен қатар жүреді.

Бұл жағдай арнайы ұйымдастырылған түзете-дамыту жұмыстарының, қадамдық оқыту технологиясының, көрнекілік пен практикалық жаттығулардың жүйелі қолданылуын талап етеді.



Сурет 3. Кәсіби-еңбек дағдылары мен кәсіптік еңбек сабақтарына қызығушылық деңгейінің нәтижелері

С.Л. Мирский әдістемесі бойынша кәсіби-еңбек дағдылары мен Ю.П. Засядько әдістемесі бойынша кәсіптік-еңбек сабақтарына қызығушылық деңгейінің нәтижелері салыстырмалы түрде берілген.

Алдымен, кәсіби-еңбек дағдыларын анықтау нәтижелері бойынша оқушылардың басым бөлігі төмен деңгейде – 12 оқушы (54,5%) екені анықталды. Бұл көрсеткіш оқушылардың еңбек әрекеттерін орындауда қиындық көретінін, дағдылардың жеткіліксіз қалыптасқанын көрсетеді. Орташа деңгейде – 8 оқушы (36,4%), ал жоғары деңгейде – 2 оқушы (9,1%) ғана тіркелген. Бұл топтағы оқушыларда еңбек дағдылары біршама қалыптасқанымен, толық автоматтандырылмаған және тұрақсыз сипатта.

Екінші көрсеткіш – кәсіптік-еңбек сабақтарына қызығушылық деңгейі. Нәтижелер бойынша төмен деңгей – 12 оқушы (54,5%), яғни оқушылардың жартысынан астамында пәнге деген қызығушылық әлсіз. Орташа деңгей – 10 оқушы (45,5%), бұл оқушыларда белгілі бір қызығушылық бар, бірақ ол тұрақты емес. Жоғары деңгей анықталмаған (0%), бұл еңбек пәніне тұрақты жоғары мотивацияның жоқ екенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, екі көрсеткіш те бір-бірімен өзара байланысты екенін байқатады: кәсіби-еңбек дағдылары төмен және орташа деңгейде болған оқушылардың көпшілігінде еңбек пәніне қызығушылық та төмен немесе тұрақсыз. Бұл жағдай тігін ісі сабақтарында оқушылардың мотивациясын арттырумен қатар, практикалық дағдыларды жүйелі түрде дамыту қажеттілігін көрсетеді.

Қорытынды

Зерттеудің екінші тарауында зияты жеңіл ауытқушылығы бар 8-сынып оқушыларының тігін ісі сабақтарындағы кәсіби-еңбек дағдылары мен кәсіптік еңбекке қызығушылық деңгейі эксперименттік жолмен анықталды. Зерттеу жұмысына 22 оқушы қатысты. Диагностикалық кезеңде С.Л. Мирскийдің кәсіби-еңбек дағдыларын бағалау әдістемесі және Ю.П. Засядьконың кәсіптік еңбек сабақтарына қызығушылықты анықтау әдістемесі қолданылды.

С.Л. Мирский әдістемесі бойынша оқушылардың кәсіби-еңбек дағдылары нұсқауды түсіну және орындау деңгейі, қимыл әрекетінің бірізділігі, қол еңбегін орындау дәлдігі, тапсырманы өз бетінше орындау дәрежесі, қателер саны және еңбек тәсілдерін меңгеру деңгейі сияқты көрсеткіштер арқылы бағаланды. Нәтижесінде оқушылардың 54,5%-ында кәсіби-еңбек дағдылары төмен деңгейде, 36,4%-ында орташа деңгейде және тек 9,1%-ында жоғары деңгейде екені анықталды. Бұл көрсеткіштер оқушылардың басым бөлігінде тігін ісіне қажетті практикалық дағдылардың жеткілікті қалыптаспағанын көрсетті.

Ю.П. Засядько әдістемесі арқылы еңбек пәніне қызығушылық деңгейі, оқу мотивациясы, тапсырмаға қатысу белсенділігі, эмоционалдық қатынас және пәнді таңдау жиілігі зерттелді. Нәтижелер бойынша оқушылардың 54,5%-ында кәсіптік еңбек сабақтарына қызығушылық төмен, 45,5%-ында орташа деңгейде, ал жоғары деңгей мүлде анықталмады. Бұл жағдай оқушылардың тігін ісі сабағына тұрақты ішкі мотивациясының жеткіліксіз екенін және пәнге деген қызығушылықтың тұрақсыз сипатын көрсетті.

Жалпы зерттеу нәтижелері кәсіби-еңбек дағдылары мен еңбек пәніне қызығушылық арасында өзара байланыс бар екенін дәлелдеді. Практикалық дағдылары төмен оқушыларда пәнге деген қызығушылық та төмен болып шықты. Бұл тігін ісі сабақтарында оқушылардың іс-әрекетін визуалды қолдау, тапсырмаларды кезең-кезеңмен ұйымдастыру және оқыту үдерісін дараландыру қажеттігін айқындады.

Осылайша, анықтаушы эксперимент нәтижелері зияты жеңіл ауытқушылығы бар оқушылардың кәсіби-еңбек дағдылары мен кәсіптік қызығушылығын дамыту мақсатында QR қолдауы бар Step-by-Step әдісін қолданудың ғылыми-практикалық тұрғыдан негізді және өзекті екенін көрсетті. Алынған деректер келесі тарауда ұсынылатын қалыптастырушы жұмыстың мазмұнын әзірлеуге негіз болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 7-9 (10) сыныптар үшін «Кәсіби еңбекке баулу» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
2. Қазақстан Республикасындағы инклюзивті саясаттың 2025 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 1143 қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400001143>
3. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>
4. Дульнев Г.М. Основы трудового обучения во вспомогательной школе. — М.:Педагогика, 1999 — 216 с.
5. Мирский С.Л. Методика профессионально-трудоового обучения во вспомогательной школе:Пособие для учителя.— 2-е изд., перерабб. — М.:Просвещение, 1998 — 224 с.
6. Пинский, Б. И. Психология трудовой деятельности учащихся вспомогательной школы [Текст] / Б. И. Пинский. — М. : Педагогика, 1999. — 187 с.
7. Рсалдинова А.К. Умения умственно отсталых восьмиклассников пользоваться учебными инструкциями на занятиях по социально-бытовой ориентировке. В сб.: Современные исследования по проблемам учебной и трудовой деятельности аномальных детей. Тезисы докладов X-ой науч. сессии по дефектологии. Ч.2, Москва, 1990, с. 256-257.
8. Выготский, Л.С. Проблема умственной отсталости - В кн. Избранные психологические исследования /Л.С.Выготский. - М., Просвещение, 2006.
9. Леонтьев А.Н. Проблемы развития психики. — М.: Изд-во МГУ, 1981. — 584 с.
10. Рубинштейн, С. Я. Основы общей психологии [Текст] / С. Я. Рубинштейн. — СПб. : Питер, 2003. — 713 с.
11. Обучение детей с выраженным недоразвитием интеллекта: программно-методические материалы /Под ред. И.М. Бражниковой – М.: Гуманитар. изд. центр ВЛАДОС, 2007
12. Мирский С. Л. Методика профессионально-трудоового обучения во вспомогательной школе : учеб. пособие для студентов дефектол. фак. пед. ин-тов. – Москва : Просвещение, 1988. – 224 с.
13. Засядько Ю. П. Методика изучения профессиональных интересов и склонностей учащихся : методические рекомендации. – Киев : Радянська школа, 1983. – 48 с.